

ЕСТЕЛІКТЕР ВОСПОМИНАНИИ

Б.Б. Кәрібаев,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

АҚЫЛ АЙТАР ЖАСҚА КЕЛГЕН ДОС ТУРАЛЫ

Қолына қалам ұстаған сөз шеберлері алпысқа келген мерейтой иесі туралы мерейтойлық сипатта мақала жазу барысында міндетті түрде жиі қолданылып жүрген «Алпыс – тал түс» деген сөзді жиі айтып жатады. Бұл сөзді естуімізше, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында қазақ әдебиетінің классиктерінің бірі алпыс жасқа толған қаламгер інісіне салтанатты жиында айтқан екен. Бұл сөз көпшіліктің көкейіне бірден қонып, желдей еседі де, қанатты сөзге айналып кете барады.

Жалпы, алпыс санына, алпыс жасқа қатысты қазақ тілінде мақал да, мәтел де баршылық. Солардың бірі – менің ойымша, қазіргі кезде аса жиі қолданыла бермейтін белгілі қазақ мақалы «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген сөз. Кезінде қазақтың бір атақты жазушысының «Қазақтың әр мақалы бір докторлық диссертацияға тақырып бола алады» деп айтқаны бар. Дүниежүзілік тұрғыдан қарағанда қазіргі адам баласының өмір сүру ұзақтығы орта есеппен алғанда дамыған елдерде сексеннің бел ортасына жетеді екен. Сол жастың деңгейінен алпыс жасқа көз жүгіртсек, алпыс жас дегеніміз – жастықпен толық қоштаса қоймаған, кәріліктің әлі толық келіп жетпеген, орта жас деп аталатын өтпелі жастың бел ортасынан асып, оның екінші кезеңіне аяқ басқан кез. Бұл жас әулеттік - отбасылық тұрғыдан қарағанда туыстарға аға-көке-ата, жезде – қайынаға болған кез, өз бала-шағаның өсіп, ержетіп, әрқайсысының жеке отбасылы болған, ата деген қасиетті атауға ие болған, немерелердің алды бой жетіп, жігіт бола бастаған кез. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда қызметте бір деңгейді бағындырған, әріптестер мен ұжым арасында белгілі бір сый-құрметке ие болған кез. Ал егерде ғылым жолында жүрсең, ғылым жолындағы небір асулар мен биіктерді бағындырған, ел-жұртқа танылып, өзіңді ғалым ретінде мойындатқан, шәкірттеріңнің өзі өзіңмен қатарласып, иық тіресіп келе жатқан кез. Алпыс жас дегеніміз қаншама жерден пенсия туралы ойламаймын десең де, ойға өзі қоныстанып алғандай жиі мазалай беретін, пенсияға шыққандардан қалай екен деп, қаншамен шықтың деп сұрақ қоя беретін жас екен.

Алпыс деген жасты түйіндеп айтсақ, саналы ғұмырдың үштен екі бөлігі де, әбден толысқан, жетіскен кез екен. Содан болу керек, алпысты ақыл айта бастайтын жас деп бекер айтпаса керек. Біздің алпыс жас жөнінде көбірек ой

толғай бастауымыздың себебі - бес жыл университетте бірге оқып, бір бөлмеде жатып, одан кейін кеңестік кезеңде берілетін жолдамамен университетке оқытушылық қызметке бірге тұрып, содан бергі отыз жылдан астам уақыт бойы бірге жұмыс істеп келе жатқан ең жақын досымыздың алпыс жасқа толуына орай болып отыр. Ол досымыз – бұған дейін айтқанымыздай, ағайын-туыс арасында аға-көке-ата, жезде-қайны атанған, достары арасында Тәке атанған, қызметтес-ағамдас әріптестері арасында Талғат Құмарғалиұлы немесе Талғат Құмарғалиевич атанған - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподғы ұйымының төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мекебаев Талғат Құмарғали ұлы.

Тура осыдан он жыл бұрын досымыз ердің жасы елуге келгенде республикалық «Айқын» газетінде «Дос туралы толғау» деген мақала жариялап едік. Енді міне, досымыз ақыл айтар жасқа келген кезде тағы да ол туралы мақала жазуды жөн көріп отырмыз.

Мерейтойлық сипаттағы мақалаларда негізінен мерейтой иесінің жеке басындағы адамгершілік қасиеттері, елге, қоғамға, ұжымға жасаған оң істері, егер ол ғалым не қаламгер болса шығармашылығы жөнінде әңгіме өрбітіледі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, мерейін үстем ету үшін жылы сөздер айтылады. Біз де осы дәстүрді жалғай отыра, досымыздың алпыс жылдығы қарсаңында лебіз білдіреміз.

Досымыздың арғы ата-бабаларына тарихшының көзімен қарасақ, тектілік туралы ел арасында айтылып жүрген сөздің ақиқатына тағы бір рет көз жеткізгендей боласыз. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, таңдайды күз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, Өлімге басын қияды. Жақсы, жаман деместен, Жанына жұртын жияды» - дегендей, біздің Тәкеннің ата-бабалары шежіре бойынша да, әулет тарихы бойынша да жеті атасынан бері де, ары да қажы да (Әлпеш қажы), би де (Матай би), бай да (Шымырбай), ру басылары да (Киікбай, Мәмбетей) болғанын көреміз. Олардың бәрі XVII-XIX ғасырларда дәстүрлі казак қоғамында өмір сүрген тұлғалар. Қазіргі күннің тұрғысынан қарағанда қажы, ол – өз жұртының әруақ қонған, Мекке мен Мединаны көрген рухани көсемі, би – өз елінің әділетті ту етіп ұстаған төрешісі, ру басы – өз руының мойындалған көсемі, бай – өз елінің қыдыр дарыған, Қызыр ата қолдаған берекелі және қажет кезде елдің асыраушы тұлғасы болып табылады. Мекебай деген фамилияның өзі Мекке сөзімен байланысты екенін бірден аңғарылып тұр. Тәкеннің айтуына қарағанда, Әлпеш бабасы қажылықтан аман-есен оралғанда атасы туылып, есімін Мекебай қойған екен. Жеті атасынан бергі әр ғасырдағы ата-бабалар бойындағы асыл қасиеттер мен тектілік қазіргі кезде Мекебаевтар әулетіне орын тепкендей. Ойткені, бұл әулеттен өсіп-өнген азаматтардың бойынан тектілік қасиеттер бірден байқалып тұрады.

Талғат Құмарғалиұлымен алғашқы танысқан сәт дәл қазіргідей көз алдымда тұр. 1985 жылдың тамыз айының соңғы күндері Қазақстанның әр түкпірінен келген 50-ден астам ұл-қыздың үміттері ақталып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (сол кездегі С.М.Киров атындағы ҚазМУ) Тарих факультетіне оқуға түсіп,

студент атандық. Студент болғанымыз туралы бұйрықты биология факультетінің сырт жағындағы алаңқайда жиналған үміткерлер мен олардың ата-аналары алдында ректор А.Ө.Жолдасбековтың өзі оқыды. Жаңадан ғана таныса бастаған біздер бір-бірімізді жақсы білмесек те, құттықтап жатқанымыз әлі есімде. Жаңадан студент болғандарды әр факультет өкілдері жиып алып, ауыл шаруашылық жұмысына баратынымызды, оған қалай дайындалу керектігін және қашан аттанатынымызды ескертіп, 3-4 күндей уақыт берді. Сол жиыннан шығып келе жатып, қазіргі университет ғимаратының алдында әскерге барып келген бірнеше жігіт жақын таныстық. Сондағы бір-бірімізге қойған сұрақтарымыз әлі есімде. Танысу үшін қойылатын алғашқы сұрақ - «Атың кім?», екінші сұрақ - «Қай жақтансың?» үшінші сұрақ - «Әскерде болдың ба?». Жаңа танысқан жігіттердің бәрі әскерде болыппыз.

Осылайша жаңа таныстың есімі – Талғат, туған жері - Талдықорған облысы екенін және әскерде болғанын білдік. Бір қарағанда – ақ есте қалғаны Талғаттың қараторы, бойшан, денелі және кен иықты, мұрт қойып, шашын оңға қарай маңдайының үстінен қайырып қойғаны болды. Ал екінші бір есте қалғаны – танысқан кезде оның жаңа таныстармен өте сыпайылық көрсетіп күлімдеуі мен басын сәл ғана алға қарай еңкейтіп оң қолын беріп амандасуы болатын. Арада 40 жылдай уақыт өтсе де Тәкеннің бойындағы осы бір өзіне ғана тән ерекшелік әлі күнге дейін өзгермей келеді.

Мерейіміз өсіп, өзімізді болашақ тарихшы сезініп жүрген бізге жаңағы сұрақтардан басқа артық сұрақтардың қажеті жоқ еді. Сол сұрақтарға жауап алғаннан кейін жаңа танысқан 3-4 жігіт бес жыл бойы бірге оқытынымызды іштей сезіндік пе білмеймін, бұрыннан бері таныстардай бірден араласып кеттік. Ал келесі күнгі кездесуімізде бір-бірімізбен көптен бері көріспеген ескі достардай кеуде түйістіріп амандаса бастадық. Атымызды да толық айтпай, бір-бірімізді Тәке, Беке деп кеттік. Содан бері қаншама жыл өтсе де амандасу сәтіндегі осы дәстүр әлі күнге дейін жалғасып келеді. Қарап отырсам, сол кезде біздің жастарымыз 21-22-лерде екен.

Бес жылға созылған студенттік жылдар зулай өте шықса да, есте қалған оқиғалар мен ауыз толтырып айта жүрер әңгімелер өте көп. ҚазМУ қалашығындағы № 6 жатақхана туған үйіміздей болды. Ауылшаруашылық жұмысында бірге болған ер жігіттердің бесеуі – Талғат, Еділ, Қайыржан, Болат және мен бір бөлмеде тұрдық, жұбымыз ажырамай келесі жылдарда да бірде-бірде аш бір бөлмеде бірге болдық. Неге екені белгісіз, басқалар жыл сайын ауысып жатқанда сол бес жігіт бөлмелерімізді ауыстырғанымызбен бір-бірімізден ажырамадық. Тіпті, әрқайсымыздың арасындағы сыйластық пен достық қатынастар отбасылық қатынастарға ұласып кеткенін білмей де қалыппыз. Біз үшін солай болуы заңды және міндетті сияқты болып көрінеді. Басқаша қалай болатынын көз алдыма елестете алмаймын.

Студенттік жылдары Тәкең сабақтарымен қатар университет көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, соның бел ортасында қайнап жүрді. Екінші курстан бастап ол бүкіл студенттер қалашығындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін ОКД (Жедел комсомолдық жасак) командирі болып

тағайындалды және оны соңғы курск дейін абыроймен орындап шықты. Бірауазымын тек тәрбие жөніндегі проректорға және ректорға ғана бағынатынын ескерсек, екінші курстан бастап досымыз Талгат Мекебаевтың мойнында қандай жауапкершіліктің болғанын және оны мойымай, қалай абыроймен орындағанын оның төрт жыл бойы осы жауапты қызметті қоғамдық негізде атқаруы жаталды. Тәкеңнің бойындағы жақсы бір қасиетке - оның әлсіздерге көмек қолын созуы жағдайы нашарларға мүмкіндігінше материалдық көмектер алып беруі жаталды. Менің ойымша, бұл қасиет - оның ата-бабасынан бері жалғасып келе жатқан тектілік қасиеттің бір белгісі, көрінісі деп білемін. Бөлмелес болғандықтан Тәкеңе талай жандардың көмек сұрап келгенінің және оларға қалай көмектескенінің куәгері болдым.

ҚазМУ ОКД-сының командирі бола жүріп ол әр факультеттегі ОКД мүшелеріне барынша жақсылықтар жасауға тырысты. Жатақханадан орын алып беру, стипендиядан айырылғандарға ректорға хат жазып, оны тағайындау, кәсіподақ арқылы мұқтаж студенттерге материалдық көмектер көрсету, тіпті қысқы және жазғы сессияларда қиналықырап қалғандарға деканаты арқылы көмектесу - студенттік жылдардағы Тәкеңнің басты жұмыстарының бірі болды деуге болады. Солардың арқасында Тәкең тек факультет ішінен ғана емес, сонымен бірге бүкіл университет көлемінде нағыз достар тапты. Оның сол кездегі достары Тәкеңнің жақсылығын ұмытпай, әлі күнге дейін хабарласып тұрады. Бүгінде Тәкеңнің сол кездегі достары арасында генерал да, академик те, министр де, депутат та, сенатор да, банкир де, ректор да, ақын да, жазушы да бар.

Кенестік кезеңде тарих факультетінде оқитын студенттерді идеологиялық майданның жауынгерлері деп атайтын. Және де бәріміз соған лайықты болуға тырысушы едік. 1986 жылы сауір айының соңында Чернобыль атом станциясындағы жарылысты бүкіл дүние жүзі адамзат баласының тарихындағы аса ірі техногендік апат деп таныды. Жүз мыңдаған адамдар апат аймағынан көшіріліп, оларға тез арада тұрғын үй салу қажет болды. Оған ҚазМУ студенттері де атсалысты. Университеттен бірнеше құрылыс отряды жасақталғанда бірінші курсты аяқтап жатқан Талгат Мекебаев та өз еркімен оған жазылып, туысқан республика аумағында тұрғын үй салысуға барып қайтты. Ол жөнінде Тәкеңнің өзі көпке айта бермейді. Неге өйтесің, чернобыльдықтарға берілетін материалдық жәрдемді неге алмайсың дегендерге «Қайтем, ол кезде біздер осындай жәрдемді сұрау үшін барған жоқпыз, үлкен патриоттық сезіммен бардық, басқа жігіттерден ұят емес пе» деп жауап қайтарады. Бұл да досымыздың көпшілік біле бермейтін бір қырын көрсетсе керек.

Досымыздың осы қасиетінің тағы бір рет көрініс бергенін университетте жауапты қызметте отырғанда көрдік. 2010 жылы наурыздың басында Алматы облысындағы Қызылағаш ауылында бәрімізге белгілі апат оқиғасы орын алғанда алғашқылардың бірі болып зардап шеккендерге көмек қолын созып және университет көлемінде жиналған материалдық заттай көмекті он шақты жүк машинасынан колонна жабдықтап, қажетті жеріне жеткізіп берген біздің досымыз болатын. Өзгенің қайғысын өзініңкіндей сезініп, оны барынша азайту

күш салу Тәкеңнің қанында бар еді. Сол себепті де ол осындай үлкен жауапты және зор қайырымдылық жұмысты Тәкең абыроймен орындап шықты.

Өзіне сеніп тапсырылған жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқаратынын білген университет басшылығы досымызды оқу орнының кәсіподақ ұйымына басшылық жасауды сеніп тапсырды. Досымыз Тәкеңнің бұл жауапты жұмысты атқарып келе жатқанына он екі жылдан асты. Тәкең басқарған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымы оқытушы-профессорлық құрам үшін университеттегі барлық игілікті істер мен жағымды жаңалықтарды жүзеге асырып келе жатқанын көріп отырмыз. Олардың бәрін тізбектеп айта берсек бұл жер үшін артықтау болар деп ең негізгісіне тоқталсам деймін. Ол әрине, кәсіподақ арқылы қызметкерлердің баспаналы болуы еді.

Осыдан 7-8 жыл бұрын университет пәтер кезегінде тұрған өз қызметкерлеріне тегін 120-дай пәтер берді. Ал осы тұрғын үйлерді салғыз, сапасын қадағалау, салған құрылыс компаниясымен келісімдерге отыру, құқықтық нормативті құжаттармен камтамасыз ету, қалалық әкімшілікпен бірлесіп жұмыс жасау, пәтерлерді болу және тағы басқа қажетті жұмыстардың басы-қасында «Парасат» атынан тағы да Тәкең жүрді. Тәкеңнің сол кездегі жүгірісін «Түнде көз ілмеді, күндіз тізе бүкпеді» деуге болады. Ақыры, ойға алынған жұмыс нәтижелі болып, университет басшылығы, Тәкең басқарған кәсіподақ ұжымы қаншама жанның шексіз алғысына бөленді. Бұл үлкен жеңістің әлі күнге дейін биік мінбелерде айтылып қалып жүргенін құлағымыз шалып қалып жүр. Біздің ойымызша, соңғы 20-25 жылда ҚазҰУ секілді ешбір ЖОО өз қызметкерлеріне тегін пәтер таратпаған шығар. Міне, ата-бабасынан бері тұлғалық бойында қайырымдылық атты асыл қасиет орын тепкен досымыздың он шақты жылда жүзеге асырған ірі, күрделі жобасының бірі болатын.

Тәкең университеттің әкімшілік-басқару құрылымындағы жұмыстарымен қатар Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасында профессор міндетін атқарушы лауазымын қоса атқарып келеді. Екеуіміз университетті қатар бітіріп, жолдамамен факультетте ассистент ретінде қалдырылды. Ол - КСРО тарихы, мен - ҚазКСР тарихы кафедрасында. 1996 жылы Талгат Құмарғалиұлы академик Мәмбет Қойгелдиевтің ғылыми жетекшілігімен «Ақпан төңкерісі және Уақытша үкімет билік орындарының Қазақстандағы қызметі» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Кейіннен қорғаған диссертациясы негізінде монографиясын жариялады. 2010-шы жылдардың басында факультеттегі екі кафедра біріктіріліп, Қазақстан тарихы кафедрасы деп аталды. Осы кафедрада досымыз өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырып жатыр. Бүгінгі күндері досымыздың қаламынан 100-ден аса еңбек жарық көрді, оның он шақтысы жеке және бірлесіп жазған монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары. Оның ғылыми-көпшілік және университеттің жетістіктеріне арналған мақалалары республикалық басылымдарда, сайттарда жиі жарияланып тұрады.

Досымыз Талгат Құмарғалиұлының жасап жатқан жұмыстарын билік тарапы жоғары бағалап, әрқашан марапатталып отырды. Олардың бірнешеуі мыналар: 2011 жылы - «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», 2013 жылы - «Білім беру ісінің

күрметті қызметкері» медалі, 2018 жылы – «Ы.Алтынсарин» медалі, 2021 жылы – «Әл-Фараби күміс медалі» және т.б. Ал 2020 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсын жеңіп алғаны тек өзі үшін ғана емес, сонымен бірге бәріміз үшін үлкен жетістік болды. Біз досымыз үшін бәркімізді аспанға лақтырып, шын қуандық.

Ақыл айтар жасқа келіп отырған досымыз бүгінде үлгілі шаңырақтың отағасы, немерелерінің сүйікті атасы, өз әулетінің, сондай-ақ ағайын-туыстың бетке ұстар мақтанышы, тірегі болып отыр. Күнде жұмыстан шыға сала үйіне қарай асығып бара жатқан досымыз «немерелеріме ұшып барамын» деп әзілдейді. Үйден жұмысқа асығып келу және жұмыстан үйге асығып қайту – бұл да бір бақыт шығар.

Сөз соңын көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың тілек - батасымен аяқтасақ дейміз. «Алпыстан аттап өтіп, жетпістен желдей есіп өтпейсің, сексеннен секіріп, тоқсанға тоқтамай, жүзге жетпейсің. Жүзден кейінгісін көре жатарсың. Жаман сөзді айтпай, жаман жерді баспай, мұратыңа жетпейсің!» Біз де осыған толық қосыламыз.

Т.Н. Дүйсембаев,
КСРО спорт шебері,

ҚР Еңбегі сіңген жаттықтырушысы

ДОСТЫҚТЫ ҚЫЗМЕТПЕН ҰШТАСТЫРА БІЛГЕН АЗАМАТ

1990 жылдың қыркүйек айында жас маман ретінде қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дене тәрбиесі және спорт кафедрасына жұмысқа тұрдым. Сол жылы жұбайым Назирамен үйленген болатынбыз. Ол еліміздегі жоғарғы оқу орнының қара шаңырағы ҚазМУдің Тарих факультетін бітірген еді. Курстастарының көпшілігі Алматы қаласында қалып университетте жұмыс істеп жатты. Олардың барлығымен танысып, достасып кеттік. Әсіресе, 1990 жылғы университеттің Тарих факультетінің түлектері: Арман мен Махаббат Жұмаділовтер, Талғат Мекебаев, Берекет Кәрібаев, Еділ Ноянов, Манарбек Садықов, Лейла Хасанаева т.б. Олардың барлығы да менің жұбайымның курстастары болса да, мен тарих факультетінде оқымасам да бұрыннан бірге өскендей болып, университеттегі жас мамандар ретінде де, қатарлас азаматтар ретінде де үнемі байланыста жүрдік. Бұрын қалжындап маған біздің курстың күйеу баласы деп айтатын еді, қазір өздері «пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деп сый-құрмет көрсетіп отырады. Содан біртіндеп отбасыларымызбен бірге араласып та жүрдік. Бәріміздің жасымыз шамалас болғанмен арамызда Манарбек Садықов бен Талғат Мекебаев сынды ағалық ақыл айтатын достарымыз болды. Мені тарихшы достарыммен тағы бір жақындатқан жағдай жұмыстан тыс кезде стадионда бірігіп футбол ойнайтынбыз. Ол да болса менің мамандығымның бір жақсылығы деп ойлаймын. Жігіттер әзіл-қалжыңымыз жарасып өзара жиналып бос уақытты өткізіп, отбасыларымызбен бірге қыдыратынбыз. Бұл дәстүр бүгінгі

жалғасын тауып бір-біріміздің табылып тұрамыз. Міне отыз жыл болсақ, өмірде дос-бауыр болып бүгінде алдымыз Талғат Мекебаев жазбамда Талғат Құмарғалиұлы туралы айтқым келіп тұр.

Әр жыл сайын оқу жылы және спорт кафедрасы оқытушы жағалауындағы спорттық-сауық Осы ретте айта кететін территориясында еліміздің үш болды. Сол оқу орындарының орындарын сақтап қалған жағалауындағы Бостері елді мекеніне жатқан, Спорттық-сауықтыру профессор-оқытушылар құрамы жаз айларында жұмыс істеп келген негізі қаланды. Демалушылар кеңестік кезге лайықты абатты қамысты-қаңқалы катедждерге салынып, он күндік жүйе бойынша демалушыларды қабылдайтын бес қабатты ғимарат елімізге берілді. Сол кездерде лагерь кафедраның мойнында болатын демалысында он күннен демалушыларды тамақтандыра аспазшылар мен жұмысшылар

Спорттық-сауықтыру КСРО чемпионатының ие чемпионы, КСРО-ға еңбек сіңірген және қоғам қайраткері Қасымжан Мәдиев сынды оқытушылары тренер және кафедраның жас оқытушысы ойындар бойынша тренер, 2006 жылдан директоры болды.

Спорттық-сауықтыру Кәсіподақ комитетінің жұмыс бойы еңбектенген университет студенттеріне демалысын ұйымдастыру лагерь қызметкерлері мен үлкендер ғана емес, оқушы балалары, студент жастары

күрметті қызметкері» медалі, 2018 жылы – «Ы.Алтынсарин» медалі, 2021 жылы – «Әл-Фараби күміс медалі» және т.б. Ал 2020 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсын жеңіп алғаны тек өзі үшін ғана емес, сонымен бірге бәріміз үшін үлкен жетістік болды. Біз досымыз үшін бәркімізді аспанға лақтырып, шын қуандық.

Ақыл айтар жасқа келіп отырған досымыз бүгінде үлгілі шаңырақтың отағасы, немерелерінің сүйікті атасы, өз әулетінің, сондай-ақ ағайын-туыстың бетке ұстар мақтанышы, тірегі болып отыр. Күнде жұмыстан шыға сала үйіне қарай асығып бара жатқан досымыз «немерелеріме ұшып барамын» деп әзілдейді. Үйден жұмысқа асығып келу және жұмыстан үйге асығып қайту – бұл да бір бақыт шығар.

Сөз соңын көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың тілек - батасымен аяқтасақ дейміз. «Алпыстан аттап өтіп, жетпістен желдей есіп өтпейсің, сексеннен секіріп, тоқсанға тоқтамай, жүзге жетпейсің. Жүзден кейінгісін көре жатарсың. Жаман сөзді айтпай, жаман жерді баспай, мұратыңа жетпейсің!» Біз де осыған толық қосыламыз.